

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА

ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

1. Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі

2019 жылдың екінші тоқсанында жеке тұлғалар депозиттерінің баяу, бірақ сенімді өсуі байқалды. 2019 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда жеке тұлғалардың депозиттері 1,6%-ға немесе 138 млрд. теңгеге: 8,54 трлн. теңгеден 8,68 трлн. теңгеге өсті (1-сурет). Депозиттердің жиынтық көлемі 2019 жылғы қаңтардағы деңгейіне жетті. Жеке тұлғалар шоттарының саны да артты, олардың өсуі тоқсан ішінде 3,4% құрады және 62,4 млн. шотқа жетті.


1-сурет



Екінші тоқсандағы маңызды оқиға жеке тұлғалардың валюталық салымдарының ағынын тоқтата тұру және олардың біртіндеп өсуі болды: тоқсан ішінде өсім 4,8%-ды, ал валюталық қайта бағалауды ескере отырып – 4,6%-ды құрады.

Ағымдағы жылдың екінші тоқсаны ішінде теңгемен депозиттер осы депозиттердің күрт төмендеуі болған тоқсанның соңғы айынан басқа, тұрақты өсуін көрсетті. Теңгедегі депозиттер маусым айында 4,3%-ға қысқарды, ал жалпы, 2019 жылдың екінші тоқсанында қысқарту 1%-дан кем болды (2-сурет).

Валюта бөлінісіндегі депозиттердің динамикасы



Депозиттердің теңгелік бөлігінің төмендеуіне мыналар ықпал етті: (1) маусымдылық факторы: жаз демалыс маусымының басы болып табылады және азаматтар осы мақсаттарға өз жинақтарын алып алады, сондай-ақ (2) 2019 жылғы маусымда девальвациялық күтулерге қатысты БАҚ-та жағымсыз ақпаратты тарату.


Бір жыл ішінде депозиттік база тұрақты өсімді көрсетті. 2018 жылғы 1 шілдеден бастап 2019 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде тұрғындар депозиттерінің көлемі 2,5%-ға өсті (1-сурет). Бір жыл ішінде теңгемен депозиттер 4,9%-ға немесе 219 млрд. теңгеге ұлғайды.

Теңгелік салымдардың тұрақсыздығы тұрғындар жинақтарының негізгі массасы қандай да бір шектеусіз кез келген уақытта ақшаны алуға болатын мерзімсіз депозиттерге шоғырлануына байланысты. Халықтың төмен хабардар болуы және қаржылық сауаттылығы ақпараттық кеңістікте жағымсыз, әрдайым сенімді емес жаңалықтар пайда болған кезде азаматтардың үрейінің күшеюіне ықпал етеді.

2016 жылы басталған шетел валютасындағы салымдардың азаюы 2019 жылдың екінші тоқсанында тоқтатылды (3-сурет). Теңгедегі депозиттердің қысқаруы уақытша құбылыс болып табылады, өйткені теңгелік салымдар бойынша жоғары және белгіленген кірістілік теңгедегі жинақтардың өсуіне жәрдемдесетін болады. Сонымен қатар, 2018 жылдың қазан айында іске қосылған депозиттердің жаңа депозиттік желісі әрбір салымшының жинақ мақсатына байланысты мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді.

3- сурет

Теңгеде және шетел валютасында депозиттердің ағыны/азаюы




2. Ұлттық валютадағы депозиттер

- *Жаппай сегмент - 20 млн. теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер*
- *Орташа сегмент – 20-дан 50 млн. теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер*
- *Ірі сегмент – қалдығы 50 млн. теңгеден асатын депозиттер*

Екінші тоқсанда теңгедегі депозиттер 43 млрд. теңгеге немесе 0,9%-ға төмендеді (4-сурет). Тоқсанның алғашқы 2 айында таза ағын 3,3%-ды және 0,3%-ды құрады, ал үшінші айда 4,3%-ға немесе 212 млрд.теңгеге азаюы болды. Теңгедегі депозиттердің қысқаруы екінші тоқсанда 7,3%-ға немесе 233 млрд. теңгеге кеміген мерзімсіз теңгелік салымдардың азаюы есебінен болды.

4-сурет


Теңгедегі депозиттердің динамикасы



Теңгедегі депозиттердің азаюы негізінен ірі депозиттер секторында болды: тоқсан ішінде олар 7%-дан астам немесе 62 млрд. теңгеге азайды (5-сурет). Екінші тоқсанда жаппай сегментте 1%-ға немесе 35 млрд. теңгеге өсім тіркелді. Теңге депозиттерінің негізгі ағыны депозиттерді 1 млн. теңгеге дейінгі мөлшерде қамтамасыз етті – олардың ағыны 81 млрд. теңгені құрады.

5-сурет

Жарна сомасы бөлігінде теңгемен депозиттер



Жаппай сегмент негізінен теңгедегі депозиттермен берілген: осы сегменттегі теңгемен берілген депозиттер 74%, ал шоттар саны бойынша - 95%-ды құрайды. Бұл сегмент неғұрлым тұрақты болып табылады және бөлшек депозиттік базаның теңгелік бөлігінің өсуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, бірнеше жыл бойы теңгедегі депозиттер тұрақты өсімді көрсетеді (4-сурет): 2019 жылдың басынан бастап теңгедегі депозиттер 118 млрд. теңгеге, ал 2018 жылдың басынан бастап 790 млрд. теңгеге өсті.

3. Қорландыру тұрақтылығы


Депозиттік базаның 84%-ын бір жыл және одан да көп мерзімге депозиттер құрайтынына қарамастан, нарықта жеке тұлғалардың депозиттері тұрақтылығының теңгерімсіздігі сақталуда (6-сурет) депозиттердің басым көпшілігі іс жүзінде мерзімсіз болып табылады, өйткені оларды салымшы кез келген уақытта ешқандай шектеусіз ала алады.

Жинақ және мерзімді салымдар тұрақты депозиттер болып табылады. Осындай теңгедегі салымдарды банктер 2018 жылдың 1 қазанынан

бастап іске қосты. Ал 2019 жылдың 1 маусымынан бастап осындай салымдар халыққа шетел валютасында да қолжетімді болды.

6-сурет


01.07.2019ж. мерзімдері бойынша депозиттердің құрылымы



Алайда теңгедегі жинақ және мерзімді салымдардың теңгедегі депозиттердің жиынтық көлеміндегі үлесі төмен (7-сурет). Бірақ мұндай салымдардың үлесі біртіндеп өсе түсетініне назар аудару керек. Егер ағымдағы жылдың басында осы салымдардың үлесі 2%-дан аспайтын болса, 2019 жылдың бірінші тоқсанының соңында – 3%-ды құраса, онда бірінші жартыжылдықтың соңында ол 4,3%-ға жетті.

7-сурет

01.07.2019ж. түрлер бойынша теңге жарналарының құрылымы



*МБЖЖ-мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі
ТҚЖБ – тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы


Тұрақты депозиттердің негізгі драйвері- жинақ салымдары болып қалады. 2019 жылғы 1 шілдеде жинақ салымдары 142 миллиард теңге

(38 мың шот) сомасына ашылды. Негізінен жинақ салымдары толықтыру құқығынсыз салымдармен ұсынылған – барлық жинақ салымдарының 90%. Барлық мерзімді және жинақ салымдарының 92%-ы бір және одан да көп жылға ашық.

Жинақ салымдарының өсуі тоқсан ішінде 57 млрд. теңгеге ұлғайып, 68%-ды құрады. Салымдардың қалған түрлерінің ішінде жинақ салымдары ең жоғары өсу қарқынын көрсетеді (8-сурет).

8-сурет

Теңге депозиттерінің өсу қарқыны



Жинақ салымдарына қызығушылық жоғары нақты табыстылыққа және ақшаны сатып алу қабілетін жоғалтудан қорғау мүмкіндігінің болуына байланысты. Бүгінгі күні жинақ салымдары бойынша ең жоғары кірістілік 13,5%-ға жетеді, ал инфляцияның ағымдағы деңгейін ескере отырып, олар бойынша нақты кірістілік 8%-ды құрайды.

Шетел валютасындағы жинақ және мерзімді салымдар олар айналымға енгізілгеннен кейін бірінші айда 46 млрд. теңге сомасына тартылды. Мұндай салымдардың 99%-ы бір жылдан астам мерзімге жасалды.

Жинақ салымдарын мерзімінен бұрын алып қою бойынша шектеулердің арқасында депозиттердің қалған түрлерінің арасында олар барынша тұрақты болып табылатынын және кем дегенде салымшылардың дүрбелең көңіл-күйлеріне байланысты алып қоюға ұшырайтынын айта кету керек.

4. Валюталық салымдар. Долларландыру

Екінші тоқсанның қорытындысы бойынша халық депозиттерінің долларлану деңгейі 44,5%-


дан 45,9%-ға дейін шамалы өсті (9-сурет). Бұл ағымдағы жылдың маусым айында теңгелік салымдардың бір бөлігі шетел валютасындағы салымдарға «ауысуына» байланысты. Алайда, бұрынғысынша, салымшылардың көпшілігі өз жинақтарын теңгеде сақтауды қалайды.

9-сурет



Жеке тұлғалардың депозиттерін долларландыру депозиттік нарық сегментіне байланысты ерекшеленеді. Долларландырудың ең аз деңгейі жаппай сегментте тіркелген: көлемі бойынша ол 26%-дан кем, ал шоттар саны бойынша – тек 5%-ды құрайды (10-сурет). Осы сегменттегі долларлану деңгейі салыстырмалы түрде тұрақты және қысқа мерзімді келешекте белгіленген деңгейдің айтарлықтай өзгеруі күтілмейді.

10-сурет



Ірі салымдар сегментінде долларландыру деңгейі жоғары деңгейде сақталады және тоқсан ішінде ол 2 п.т. 75%-ға дейін ұлғайды. Ірі салымшылар өз салымдарын теңгемен айырбастауға асықпайды және өз капиталын валютада ұстауды қалайды. 2018 жылдың соңында байқалған ірі валюталық салымдардың кетуі тоқтатылды және бүгінгі күні осы сегментте аздаған өсім байқалады (+2%).

5. Сыйақы мөлшерлемелері

Шетел валютасындағы депозиттер бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемелері

2019 жылғы сәуірде ҚДКҚ шетел валютасындағы депозиттер бойынша сыйақының шекті мөлшерлерін – мерзімді және жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелерді 1 жыл және одан жоғары мерзімге қайта қарады және 2019 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізді (1-кесте). Салымдардың қалған түрлері бойынша мөлшерлемелер 1% деңгейінде сақталды.

1-кесте. Ең жоғары сыйақы мөлшерлемелері

Салымның санаты	Ең жоғары мөлшерлеме, %
1 Шетел валютасындағы депозиттер	
1.1 Мерзімсіз депозиттер	1,0%
1.2. Мерзімді депозиттер	
12 айға дейін	1,0%
12 ай және одан артық	2,0%
1.3 Жинақ депозиттері	
12 айға дейін	1,0%
12 ай және одан артық	2,0%

ҚДКҚ бұл шешімі бірқатар жағдайларға негізделді:

1. *Валюталық салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелерді қалыптастыру.* Шекті мөлшерлемелерді қайта қарау сәтінде шетел нарықтары мен қаржы институттарындағы депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер ҚДКҚ мөлшерлемесінен 1%-ға тең айтарлықтай жоғары болды. Бұл ретте жекелеген банктерде ірі валюталық салымдардың жылыстауы байқалды.

2. *Дедолларизацияға әсері.* Жаппай сегментте дедолларизация болды – шоттардың 95%-ы және депозиттердің 74%-ы осы ұлттық валютада шоғырланған. Бұдан әрі дедолларизация тарихи тұрғыдан салымдарын шетелдік валютада сақтағысы келетін ірі салымшылармен ғана тежеледі.

Жеделдік және тұрақтылық принципі бойынша валюталық салымдар бойынша табыстың ауытқымасын қалыптастыру. Кері қайтарып алу құқығы шектеулі ұзақ мерзімді валюталық салымдар бойынша мөлшерлемені арттыру теңгелік салымдарға ұқсас салымның түрі мен мерзіміне байланысты сараланған ең жоғары мөлшерлемелерді белгілеу бөлігінде реттеудің бірыңғай тәсілін құруға, сондай-ақ банктерде қорландырудың тұрақты базасын құруға мүмкіндік береді.

Теңгедегі депозиттер бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлемелері

2019 жылдың мамыр айында 2019 жылдың үшінші тоқсанына теңгелік депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер белгіленді. 2019 жылғы 1 шілдеден бастап мерзімсіз салымдар бойынша шекті мөлшерleme 10,5%-дан төмендеп, 9,8%-ды құрады. Жедел және жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелерді бұрынғы деңгейде қалдыру шешілді.

Икемді салымдар бойынша мөлшерleme тұрақсыз қорландыру құнын біртіндеп төмендету мақсатында төмендетілді, мұны банктердің өздері де қолдады.

Мерзімді салымдар бойынша мөлшерleme, олар бойынша нарықтық мөлшерлемелердің ең жоғары мөлшерлемелерінің төмен болуына қарамастан, өтімсіздігі үшін сыйақыны қолдау мақсатында сақталды.

Жинақ салымдары бойынша банктердің мөлшерлемелері шекті деңгейде болды, бұл олар бойынша мөлшерлемелерді қолдаудың орындылығын көрсетті. Банктердің пікірінше, қолданыстағы мөлшерлемелер ағымдағы нарықтық жағдайларда әлі де өзекті болып отыр және салымшыларға қаражатты мерзімінен бұрын алудың жоғары талаптарына орнына жеткілікті кірістілікті қамтамасыз етеді.